

**"Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827
Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 173 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 1, 1-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алғыс айту күні – 1 наурыз";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Геолог күні – сәуірдің бірінші жексенбісі".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев